



**С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**КАФЕДРА: БАЛАЛАР ЖАСЫНДАҒЫ
СТОМАТОЛОГИЯ, СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ
АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ,
ПАРОДОНТ АУРУЫМЕН АУЫРАТЫН
БАЛАЛАРДЫ АЛДЫН АЛУДА АУЫЗ
ҚУЫСЫНЫҢ ГИГИЕНАСЫНЫҢ РӨЛІ**



Орындаған: Канаев Е

Тобы: 504-01

Факультет: стоматология

Қабылдаған: Сабитова К.Е

Жоспары :

1. Кіріспе

- ❖ Профилактика туралы түсінік

2. Негізгі бөлім

- ❖ Пародонт ауруларының алдын алуда ауыз қуысының индивидуальді гигиенасының ролі
- ❖ Ауыз қуысының профессиональді гигиенасы және жүргізу принциптері

3. Қорытынды

4. Қолданылған әдебиеттер.

Стоматологиялық аурулардың балалармен жасөспірімдер арасында жиі таралудың алдын-алуда профилактикалық шаралар жетекші орынға ие. Стоматологиялық аурулардың алдын-алудың нәтижесінде ауыз қуысы тіндерінің қабыну дерттерін болдырмауға және стоматологиялық аурулардың таралу жиілігін төмендетуге мүмкіндік береді. Мұндай қадам стоматологиялық қызметтің барлық саласында да түпкілікті өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді. Профилактикалық шараларды жүргізу стоматологиялық ауруларды емдеу сапасымен бірге қоғам өмірінің деңгейін сипаттауға болады.

Балаларда ауыз қуысы гигиенасын сақтаудың мәні

Профилактика – бұл денсаулықтың жоғары деңгейде ұстауды қамтамасыз етуге және стоматологиялық аурулардың алдын – алуға арналған мемлекеттік, әлеуметтік, гигиеналық шаралар жүйесі.

Қазіргі кезде балалар денсаулығына және де профилактикалық шараларды сақтамауына әртүрлі факторлар әсер етеді: әлеуметтік, экономикалық, өндірістік, урбанизациялық, ақпараттық басымдылықтар балалар арасында стоматологиялық аурулардың жиілеуіне себепші болады.

Бұл халықтың соның ішінде балалар денсаулығын сақтауға арналған шаралар комплексі болып табылады. 1977ж эксперттердің Мәскеудегі мәжілісінде қабылданған ДДҰ – ның жіктемесіне сәйкес профилактиканы үлкен үш топқа бөлді:

- ❖ Біріншілік
- ❖ Екіншілік
- ❖ Үшіншілік

Біріншілік профилактика - бұл аурулардың пайда болу себебі мен жағдайын жою, сондай – ақ қоршаған ортаның өндірістік және тұрмыстық қолайсыз жағдайлардың әсеріне ағзаның қарсылық күшін жоғарылату арқылы оның алдын – алуға арналған гигиеналық және тәрбиелік шаралар жүйесі болып табылады.

Екіншілік профилактика – аурулардың қайталануымен асқынуын болдырмауға арналған шаралардың комплексі. Ең басты шаралардың бірі болып дұрыс жүргізілген профилактикамен ауыз қуысын жоспарлы сауықтандыру болып табылады.

Үшіншілік профилактика – бет-жақ аймағындағы ағзалар мен ауыз ішіндегі жұмсақ тіндердің қызметін сақтауға және қайта қалпына келтіруге негізделген шаралар жиынтығы.

Бірінші дәрежедегі сақтандыру шаралары:

- гигиеналық ережелерді оқыту
- сапалы және құнды тамақтану
- уақытылы дәрігерге барып емделіп тұру

Екінші дәрежедегі сақтандыру шаралары:

- гигиеналық ережелерді оқыту және сақтау
- жарақаттан сақтану
- Денсаулықты сақтау және дер кезінде профилактикалық тексеріс рентгеннен оту
- **Үшінші дәрежедегі сақтандыру шараларына барлық хирургиялық, терапевттік және ортопедтік емдеулер жатады**

Пародонт ауруларынан сақтану шаралары екі деңгейде

жүргізіледі:

1. Мемлекеттік деңгейде
2. Жеке дара адамдар көлемінде

Мемлекеттік шараларға мыналар жатады:

1. Балаларға санация жасау
2. Ауруларды диспансерлік есепке алу, бақылау, емдеу
3. Ішетін суды фторлау
4. Санитарлық ағарту жұмыстарын жүргізу

Ауаыз қуысының гигиенасы үш топқа бөлінеді:

1. **Индивидуальді**
2. **Профессиональді**
3. **Қадағалаумен**

Индивидуальді ауыз қуысының гигиенасының ролі

Ауыз қуысының тазалығы бала туылғаннан басталады сондықтан да, гигиенаның ауыз қуысында маңызды орынға ие екенін аңғару қиын емес. Балаларға ауыз қуысының гигиенасын сақтауды кішкентай кезінен үйрету қажет. Тамақтанып болғаннан кейін ауыз қуысын жылы сумен шайып қызылйектерін жұмсақ сулы дәкеменен тазалау отыру қажет. Балаларда тістерді тазалау сүт тістері шыққаннан кейін жүргізіле бастайды. Әрбір балаға ата-аналар ауыз қуысы гигиенасын сақтауды дағдылы түсіндіріп үйретулері қажет.

Балалардың тіс тазартқыштарына қойылатын талаптар

- Бірінші кезекте балаға жасына орай тіс тазартқыш таңдау керек
- Ұзындығы 20-25мм ал, ені 8- 10мм – ден аспағаны жөн
- Тіс тазартқыштың талшықтарының биіктігі 12 – 15мм ге дейін болғаны жөн
- Талшықтарының орналасу жиілігі 2 – 2,5мм
- Талшықтарының қалыңдығына мән беру қажет
- Майысқақтығына көңіл аударған жөн
- Талшықтардың жұмсақ болу керек

Балаларда биік талшықтар азу тістердің ұрт жақ бетін тазартуға қиындық тудырады. Негізгі керек биіктік 10 – 12мм болса жеткілікті. Талшықтарының жиілігі 2 – 2,5мм болғаны жөн. Талшықтар қызылиек пен тісті жарақаттамауы керек. Тістерді тазалауды Г.Н. Пахомовтың стандартты әдісі бойынша тіс қатарын шартты түрде бірнеше сегментке бөледі. Тістерді тазалауды оң жақ жоғарғы азу тісінен бастап сегмент-сегмент бойынша солға қарай өтеді. Астыңғы тістерде сол ретпен тазартылады. Кіші және үлкен азу тістердің кіреберіс және ішкі беттерін тазартқанда тіс ысқыштың жұмыс бөлігін тіске 45° та қисайтып қызылиектен тіске қарай қимыл жасай отырып, қызылиек мен тісті бірге тазартады.

Тістерді тазартудың авторлар бойынша бөлінуі

Фонес әдісі – Тістердің кіреберіс беті тістер бір-біріне түйісіп тұрғанда тіс тазартқышпен айналмалы қимылмен қызылиекке тигізбей тазартады. Ауыз ашылғанда тістердің ішкі беттерін сол қимылмен окклюзиялық беттері тазартылады.

Леонардо әдісі – тіс тазартқышты тіс бетіне перпендикулярлы бағытта орнатып қызылиектен тіс сауытына қарай қозғалтып тістерді тазартады, кейіннен тістердің шайнау беттерін тазалайды.

Бас әдісі – тіс тазартқышты тіс өсіне 45° бұрышта ұстап талшықтары кіреуке мен қызылиекке тақап ақырындап мұхият тазаланады

Ауыз қуысының профессиональді гигиенасы

Қанағаттандыраарлықсыз индивидуальді ауыз қуысының гигиенасы кезінде тіс қақтары мен тіс тастары түзіледі.



Алдымен жұмсақ тіс қақтары түзіледі, уақыт өте келе минералданып тіс тастарына айналады. Қызыл иек үсті және қызыл иек асты тіс тастары ажыратылады. Пародонт ауруларының пайда болуында осы факторлардың әсері орасан мол. Сондықтан да профессиональді ауыз қуысының гигиенасы пародонт ауруларын емдеу және профилактикасы кезінде маңызды орын алады.



- Тіс тастары түзілгенде ең алдымен қызыл иек үсті тіс тастары түзіледі, уақыт өте тіс-қызыл иек байламын бұзып қызыл иек асты тіс тасы пайда болады. Қызыл иек асты тіс тасы тіс түбірі бойымен интенсивті түрде өсіп отырады периодонтты зақымдайды, ал кейіннен қалта пайда болады.

Профессиональді тіс тазалауға керек заттар


- Айналатын щеткалар- жұмсақ қақтарды алу үшін
- Резинка табақша
- Полировка жасайтын паста
- Полировка және фенирлейтін бөліктер (штрипстер)
- Қолмен ұстайтын аспаптар
- ультрадыбыстық скейлерлер
- Пародонтальдық түйме секілді зонд т.б.

Тіс қақтары мен тастарын алу



- Тіс тастарын алудың бір жолы механикалық әдіс. Аспаптың көмегімен қолмен орындалады. Қолданылатын аспаптар: иілген ілмек, орақша ілмек, қырғыш ілмек, экскаватор. Бірақ бұл әдіспен тіс қақтарынан толық құтылу мүмкін емес.

- Қазіргі таңда тіс тастарын алудағы тиімді әдістің бірі ультрадыбысты аппараттар қолдану. Тиімді жақтары: ауру сезімсіз, жарақаттамайды, эмалға кері әсері аз, тіс тастары мен қақтарынан толық құтылуға мүмкіндік береді.



ҚОРЫТЫНДЫ

- Ауыз қуысы гигиенасын дұрыс сақтау- пародонт аурулары кезінде, алдын алу кезінде, емнің нәтижесіне тікелей байланысты. Сондықтан ауырып ем іздегенше ауырмайтын жол іздейік. Біздің кез-келгеніміз балаларға ауыз қуысының гигиенасын үйретуіміз және оларды бақылыуымызда ұстауымыз қажет.



Қолданылған әдебиеттер

- Практическая пародонтология. Л.Я. Заулевская. Алматы 2006 г.
- Лекции по стоматологии детского возраста. Учебное пособие. Алматы 2006 г.
- Интернет [www. “google.ru”](http://www.google.ru)
[www. “mail.ru”](http://www.mail.ru)
www.dentalsite.ru



Назарларыңызға рахмет

назарларыңызға рахмет